



Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Тақырыбы: *Patrinia intermedia* өсімдігінің онтоморфогенез дік, структуралық ерекшеліктері, экологиясы, таралуы, пайдалануы.

Б

Орындаған: Досмұқамет Д.

Тексерген: Тыныбеков Б.М

Жоспары:

- 1.Тұқымның өсіп-өну кезеңдері
- 2.Медицинада қолданылатын мүшелері,оларды жинау және кептіру.
- 3.Таралуы.
- 4.Химиялық құрамы.
- 5.Медицинада қолданылуы.

***Patrinia intermedia*(Horn)**



Орта патриния (Валерианалар тұқымдасы) — дала зонасында, Қазақстанның шығыс бөлігі тауларында, Астанадан оңтүстікке қарай және Семей обысында көп таралған. Қаулы аралас шөпті далаларда, жартастарда, қорымда, өзен қиыршық тастарында өсіп, кейде шілік құрады. Тамыры өзекті, көпбасты. Бірнеше сабақты (биіктігі 50 см-ге дейін). 2-5 жұптан қарама-қарсы орналасқан жапырақтар қауырсын тәрізді бөліктерге бөлінген. Гүлдері ашық сары, тостағаншасы онша байқалмайды, қоңыраулы, 5 бөлімді гүл тәжімен және 4 аталық, қалқан тәрізді гүлшоғырына жиналады. Мамыр-шілде айларында гүлдейді, шілде-қыркүйекте жеміс береді. Жемістері сопақтау, жарғақты, гүлжапырақтары жайылып қанат тәрізді өскен. Желдің көмегімен тұқым таралуы

Гүлдері ашық сары, тостағаншасы онша байқалмайды, қоңыраулы, 5 бөлімді гүл тәжімен және 4 аталық, қалқан тәрізді гүлшоғырына жиналады. Мамыр-шілде айларында гүлдейді, шілде-қыркүйекте жеміс береді. Жемістері сопақтау, жарғақты, гүлжапырақтары жайылып қанат тәрізді өскен. Желдің көмегімен тұқым таралуы жеңіл.



Латенттік кезең

Латенттік кезең-тұқымның тыныштық күйі. Тұқым толық пісіп жетілгеннен кейін өну қабілетін келесі көктемге немесе сол жылғы күзге дейін болмаса әдеби мәліметтер бойынша 20 күннен бірнеше жылғы дейін сақтауы мүмкін. Тұқым құрамында қалыптасқан ұрық(embryo), қоректік заттар қоры және сыртында жеміс серігі (перикарпий) болады. Орта патриния жемісі тұқымбүрі бір ұялы, сопақ немесе жұмыртқа пішінді солғын қоңыр түсті, бір тұқымды, үлпек қабыршақты, кең жұмыртқа пішінді гүл жапырақшалы, перикарпийінің сырты майда қырлы, ұшы сүйір тұқымша. Оның ұзындығы $6,7 \pm 0,22$ мм, ені $4,9 \pm 0,65$ мм, 1000 тұқымның смалмағы $0,94 \pm 0,78$ г.

Генеративтік кезең(g).

Бұл кезде өсімдік тіршілік күйге бөлінеді: жас(g1), орт жас (g2) және кәрі (g3) генеративтік тіршілік күйі. Бірінші тіршілік күйінде(g1) өсімдіктің осьтік және жанама бұтақтарында гүл шоғырлары қалыптаса бастайды. Осы күйде үлкен өсімдікке тән барлық белгілері болады.



Медицинада қолданылатын мүшелері, оларды жинау және кептіру.

Медицинада орта патринияның тамырсабағы тамырларымен пайдаланылады. Тамырсабағын тамырларымен жаздың екінші жартысында және күзде жинайды. Қазып алынған тамырлар топырақтан тазартылып жер үсті мүшелері бөлік терін кесіп тастайды, күнде кептіреді.



Таралуы.


Орта патринияның табиғи ареалы
Орта Азия, Батыс Сібір,
Батыс Қытай, Монголия.

Қазақстанда таудың тасты
беткейлерінде, дала, тау белде-
уінде, тасты өзен бойында, аралас
шөп арасында өсіп өнеді.

Мысалы: Семейдің қарағайлы
орманында, Батыс және Шығыс
Сарыарқада, Қарғалыда,
Бетпақдалада, Балхаш, Алакөл,
Алтай, Тарбағатай, Жетісу, Іле,
Күгей, Теріскей, Қырғыз
Алатауларында, Кетмен, Шу Іле
Қаратау және Батыс Тянь-
Шаньда кездеседі.

Химиялық құрамы.

Орта патринияның жерасты бөліктерінде тритерпенді сапониндер (12-13%), илік заттар (1,4%) эфир майы (0,17%), құрамында (0,13%) және алколоидтар іздері болатындығы анықталған. Тамырда сапониндер 35 пайыз, одан патринин, патризид, патринозид D алынады, шөбінде эфир және шыны майлары, құрамында азоты бар қосындылар, дәрумен С, каротин; гүлінде, жапырақтарында флавоноидтар бар.



Халықтық және ресми медицинада қолданылуы

Орта патриния шикізаттарынан алынған дәрілік препараттары айқын тыныштандырғыш, қысымын төмендетеді, жүрек жұмысын жақсартады, қақырық түсіргіш әсері бар.



Медицинада орта патриния өсімдігі тамырсабағаның
жә-

не тамырларының тұнбасы, қайнатпасы валеринамен
бірге жүйке тозып ашушаң болғанда, жүрек неврозында
және ауруды басатын, бактерия жойғыш, жараны
микробтан сақтау үшін сары ауру, асқазан, қарынмен
ішектің қабынуы, өкпе құрт ауруын, балалардың бақа-
тамақ ауруларын емдейді. Орта патриния жерасты
мүшелері ерте заманнан тибет және Шығыс халықтары
медицинасында кеңінен қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Абдулина С.А. Список сосудистых растении Казахстана. Алматы,1999.
- 2.Атлас ареалов и ресурсов лекарственных растении Казахстана. Алматы,»Ғылым » 1994.
3. Кукенов М.К Ботаническое ресурссоведе- ние Казахстана. Алматы,»Ғылым» 1999.